1-тоқсан 9-сынып ТЖБ

Тыңдалым. Мәтінді тыңда. Тапсырмаларды орында.

1. Осы жыр қандай философиялық толғаудан бастау алады?

A. аспан мен жердің, адамзаттың жаралуынан ☐

B. атақты адамдардың өмірін дәріптеуінен ☐

C. батырлар өмірін көпке жария етуінен ☐

D. түркі халықтарының өмірін насихаттауынан ☐

2. Қуатты мемлекет орнатып, түгел түркінің басын қосқан кім?

A. Білге ☐ B.Темір ☐

C. Күлтегін ☐ Д.Бумын ☐

3. Күлтегінді жоқтауға кімдер келген? **+** белгісін қой.

A. хандар, уәзірлер ☐ B. елшілер, батырлар ☐

C. сұлтандар, хандар ☐ Д. билеушілер, тайпалар ☐

4-5. Перифразбен берілген сөйлемдердің ішінен мазмұнға сай 2 ақпараттарды анықтаңыз. Сәйкес тұжырым тұсына «+»/«-» белгісін қойыңыз.

	Тұжырымды сөйлемдер	«+»/«-»
A	Жырдың идеясы – Күлтегін өмірімен таныстыру.	
B	Ескерткіш көшірмесі Астана қаласында орнатылған.	
C	«Күлтегін» жыры поэзиялық шығармаға жатады.	

Оқылым

Жолаушыны құрметтеген халықпыз. **«Жолашар, жолаяқ»** дегеннің не екенін ұмытып кеткендер болмаса, кейбірінің білетіні анық. Ол - сапарға аттанып бара жатқан жолаушыға ақ жол тілейтін дәстүр. Мұның негізгі мағынасы ... – «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария барып сәлем береді» деп жолаушы жолының үлкендігін айтады...

«Жолы болсын», «сапары сәтті болсын», «алды ашық болсын» деп алыс жолға жүретін адамға **«жолашар»** немесе **«жолаяқ»** деп аталатын дәстүрді жасап, шығарып салған. Отбасы мал сойып, үлкен-кішіге дастарқан жаяды. Қариялар жолаушыға бата береді.

Сапар барысында жолаушының көңілі бірде-семіп, бірде -арықтап, жолдың ыстық-суығын басынан өткізіп, межелеген жеріне жетуі, ойға алған істі орындап аман–есен үйіне оралуы – өзіне де, айналасына да зор қуаныш. Осыған орай отбасы «ай жүрсе де аман оралсын, ел-жұртына қайта қауышуға жазсын» деп «тоқымқағар» дәстүрін жасайды. «Тоқымқағар» жолаушының келер мерзімі таяп қалғанда не кешіге бастағанда дастарқан әзірлеп, ауылдастарын, туыстарын шайға шақырады. «Жолаушының кешіккеніне қарап қуан» деп, кідірісті жақсылыққа жориды. Үйден тоқым алып шығып, «жолда ұзақ жүріп, тоқымы шаң болып қалыпты ғой...» деп тоқымды қағып-сілкіп ырымдайды. «Тілек жүректен шынайы шықса, ниет қабыл болады», - дейтін көпті көрген қариялар.

6-7. Мәтіннің стилі мен жанрын анықтап, себебін дәлелдеңіз.

_____

_____

8. Қарамен жазылған сөздер мәтінде не үшін қолданылған?

_____

_____

LIVEWORKSHEETS

9. «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария барып сәлем береді» деген мақалды автор қандай мақсатта қолданған?

_____

_____

«Тоқымқағар» дәстүрінің маңызы неде? Өз сөзіңізбен жазыңыз.

_____

_____

Жазылым.

1.Қазақ жазуының даму жолы

Қалалық байқауға қатысқалы жатырсыз делік. «Елбасы 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшетініміз туралы Жарлыққа қол қойды. Сіз бұл шешіммен келісесіз бе?» тақырыбында эссе жазыңыз. Афоризмдерді орынды қолданыңыз.

2.Көшпенділер мәдениеті

І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын оқығаннан кейін, мектеп журналына «Ұлы дала – көшпенділер әлемі» . Сұрақтарға жауап жаз.

Ұлы дала – көшпенділер әлемі

І.Кіріспе.

1.Ұлы далада **кімдер** мекендеген? 2.Ұлы далада мәдениет **қашан** пайда болған?
3. Сақтар, ғұндар **қай** халықтың ата-бабасы?

ІІ.Негізгі бөлім.

1.Ұлы даланы мекендеген тайпалар **қандай** мәдениетті жасады? 2. Көшпенділердің материалдық мәдениетіне **қандай** жәдігерлер жатады? 3.Рухани мәдениетке **қандай** жәдігерлер жатады?
4.Қазақ халқының күнтізбесінде табиғаттың **қандай** құбылыстары бар? 5.**Кімдер** ауа райын болжаған? 6.Түркілер мемлекетті **қалай** басқарды? 7.Қазақтың би-шешендерінің мемлекетті басқарудағы рөлі **қандай** болды?

Қорытынды бөлім.

1.Көшпенділер мәдениетінің адамзат тарихындағы рөлі **қандай**?

Айтылым.

Бір тақырыпқа таңдау жасап, сол тақырып бойынша монолог құра. «Төрт сөйлем» форматында.

Ұсынылатын тақырыптар:

1. Қазақ жазуының қалыптасуы және даму тарихы туралы пікір.
2. Көшпенділер мәдениетін туралы пікір білдіріңіз.
3. Жолаушыға байланысты дәстүрлер туралы пікір білдіріңіз.

LIVEWORKSHEETS

Пікір. _____

_____

Дәлел._____

_____

Мысал._____

_____

Қорытынды. _____

_____

LIVEWORKSHEETS